

**8D08101- «Агрономия » білім беру бағдарламасы**  
**бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абдразаков**  
**Ерлан Бекариповичтің « Суармалы жағдайда майлыштың зығырды аныздық дақыл ретіндегі**  
**өсірудің ерекшелігі» тақырыбындағы орындалған диссертациялық жұмысына**  
**реєстри рецензенттің жазбаша пікірі**

p/n №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сизу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негізделеме (ескертудің курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес ғылымның, даму бағыттарына және немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес білудиң мемлекеттік бюджетінен жобаның немесе бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация аграрлық ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тіркелу номірі 0120PK00358, ЖТН AP08855366 «Жамылғы дақылдар мен тамшылатып суару негізінде суармалы егіншіліктің өнімділігін арттыру» атты 2020-2022 жылдары жүргізілген гранттың жоба аясында орындалды.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/косады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс аграрлық ғылымға өз үлесін қосады және оның маңыздылығы толыққанды ашылған. Суармалы егістің шығымдылығын арттырудың тиімді жолдарының бірі – егістіктің әр гектарынан жылына екі өнім алу. Осы тұрғыдан алғанда, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көтерілген проблеманың маңызы ерекше.
3.	Өзі принципі	Өзі жазу деңгейі:	Ізденуші Абразаков Е.Б. диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде, түсінікті ғылыми тілмен логикалық тізбекте орындалған. Жазу стиліне қарап, автордың өзіндік еңбегі екені еш күмән тудырмайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemesi:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ғылыми еңбекте, Қазақстанның онтүстігі мен онтүстік-шығысындағы негізгі суармалы дақылдарды (куздік бидай, қант қызылшасы, соя және жүгеріні) тікелей себуді пайдалана отырып аралық дақылдарын тамшылатып суарумен өсіру технологияларын әзірлеу көзделеді. Әзірленіп жатқан технология жылына екі дақылдың кепілді өсірілуін, суғару су шығынын және пестицидтік жуктемені азайтуды, топырактың құнарлылығын сактауды және қоршаған ортаны қорғауды, сонымен бірге, суармалы

			егістік бірлігінен өнім шығымдылығының бірнеше есе арттыруды қамтамасыз етуі тиіс.. Алынған нәтижелер Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы үшін топырақ құнарлылығының сақталуын және өсімін молайтуды, парниктік газдардың секвестрленуін, суармалы су шығынын, суармалы егістіктің әлеуетті өнімділігіне қол жеткізуіді қамтамасызы ететін болады.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:	1) айқындауды; 2) ішінара айқындауды; 3) айқындаамайды.	Диссертация мазмұны оның тақырыбынан туындаған, сондықтан толықтай айқындауды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың алға қойған мақсаты оның тақырыбынан туындаған. Мақсатқа байланысты нақтылы міндеттер қойылған. Соның нәтижесінде шынайы материалдар жиналып, жұмысты ғылыми-тәжірибелік негізде қортындылауға және өндіріске ұсыныстар жасалған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдары бір-бірімен логикалық түрғыда толықтай байланысқан. Соның нәтижесінде сапалы өндіріске қажетті жұмыс даярланған.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	1) сынни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор жұмысты орындау барысында жинаған материалдарын жүйелеп, оларды ғылыми негізде дәлелдей, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра бағалап, өз пікірін нақтылай білген. Соның нәтижесінде ғылыми түрғыдан қортындылар жасалып, өндіріске бағалы ұсыныстар жасаған.
	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында жинақталған ғылыми нәтижелер мен ережелер өнір үшін толығымен жаңа болып табылады және өндіріс сұранысын қанағатандырады. Себебі, ізденуші алғаш рет майлыштырылған дақыл ретінде ұсынып, оны Қазақстанның оңтүстік – шығысының суармалы жерлерінде өсіріп, дақыл танаптын агротехникалық, агрономиялық қасиеттерін жақсартатынын дәлелдей, жамылғы дақыл болғандықтан, парниктік газ көміртегінін атмосфераны ластауын азайтатынын анықтаған.
	5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа ма?	1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Диссертацияда жасалған қортындылар толығымен жаңа және олар ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен авторлық патентімен бекітілген.

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).  5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінәр жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері ішінәр жаңа(75%) болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ғылыми еңбекте жасалған барлық негізгі ғылыми қорытындылар шыныайы нәтижелерге негізделген және орынды дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру кажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.  7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.  7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.  7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.  7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарған қағидаттары тривиалды емес. 7.3 Негізгі қорғалатын қағидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Ғылыми жұмыстың қолдану аясы кең. 7.5 Жұмыстың негізгі нәтижелері ғылыми мақалалармен және ҚР пайдалы моделіне патентімен дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккездер	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә. Әдіснаманы таңдауы негізделген. Әдіснама нақтылы жазылуы аясында дұрыс әдістеме жасалып, соның нәтижесінде

	мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	көздеғен мақсатқа жеткен.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып жасалынған. Мысалы, әдістемелерін пайдалана отырып атмосферадағы парниктік газдар құрамын ірікеу мен талдаулар жасау үшін Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты(Ташкент к.) тікелей өлшеу әдісінің( ГАНК-4 газ анализаторы аспабының) көмегімен жүргізілді.	Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректердің интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып жасалынған. Мысалы, әдістемелерін пайдалана отырып атмосферадағы парниктік газдар құрамын ірікеу мен талдаулар жасау үшін Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты(Ташкент к.) тікелей өлшеу әдісінің( ГАНК-4 газ анализаторы аспабының) көмегімен жүргізілді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занымықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Ия. Алынған қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және занымықтар эксперименттік зертханалық және егістік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер, нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Ізденуші енбекіндегі 120 отандық және шетелдік ғалымдардың енбектеріне сілтемелер жасаған.
9	Практикалық құндылық қафидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері еліміздің онтустік өнірлердің фермерлері арасында сұраныска ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автордың зерттеу нәтижелері негізінде жасаған ұсыныстары толығымен жаңа деп есептеймін және еліміздің тауарөндірушілері арасында қызығушылық тудырады.
10.	Жазу және ресімдеген сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, диссертация жазудың ережелері мен талаптарына сәйкесті рәсімделген.

11. Диссертацияга ескертулер	<p>1.Диссертациялық жұмыста кездесетін жасанды атауларды( үйіндін жырту, бір өрісте156, егістіктің бітелуі- 166., мәдени дақылдар даму сатылары) егіншілкте қолданылатын терминдермен алмастыру керек.</p> <p>2.Диссертация б бөлімнен тұрады. Бөлімдер арасындағы логикалық байланысты жақсарту үшін, әрбір бөлім сонына қысқаша қорытынды жасалса дұрыс болушы еді.</p> <p>3. Егістік тәжірибеде майлыштың үзактығы жөніндегі деректер көрсетілмеген. Зығырды аралық дақыл ретінде өсірілгенде сорттық сипаттамасының берілгені жөн болушы еді.</p> <p>4. Күздік бидайдың өсіру технологиясы(бексте,44-45бб.) дақыл танаптарына күзде топырақ өндөу кезінде 100кг аммофос, ал көктемде үстеп қоректендіруге 200кг аммиак селитрасын беру көзделген. Біракта аталған минералды тыңайтқыштар қандай топырак типіне және қанша жоспарлы дән өнімділігіне есептелеуден көрсетілгенде жұмыста есептеулер берілмеген.</p> <p>5.Зерттеулер жүргізілген жылдары нұсқалардағы арамшөптер санының вегетация мерзімінде азауы көрсетілген(61б). Біракта арамшөптердің сиреуі ненің әсерінен болғаны туралы мәліметтер жоқ. Бәлкім, танаптағы мәдени және арамшөптер арасындағы қоректік заттар,ылғал және жарық үшін туындастының бәсекелестіктің әсері ме, әлде өсіру технологиясында көрсетілген гербицид(Дуал Гольд,2,0кг/га) әсерінен бе,белгісіз.Ол туралы ешқандай түсініктеме берілмеген.</p> <p>Әрине, көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың күндылығын төмендетпейді және онай жөнделеді.</p>
12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда реєсми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы	<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша дайындаған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Ол диссертациялық зерттеулер нәтижелері бойынша 5 ғылыми мақалалар жариялаған, оның ішінде,Scopus ақпараттық – реферативтік қорындағы ғылыми- көпшілік журналында -1; КР Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен базасында -3; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда -1, сонымен бірге, 1- КР пайдалы моделі патентінің авторларының бірі. Аталған ғылыми еңбектер арқылы диссертация тақырыбын толық айқындалап,көпшілікке көрсете білген.</p>

	қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	конференцияларда -1, сонымен бірге, 1- КР пайдалы моделі патентінің авторларының бірі. Аталған ғылыми еңбектер арқылы диссертация тақырыбын толық айқындаپ, көпшілікке көрсете білген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>Абдразақов Ерлан Бекариповичтің 8D08101 - «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған « Суармалы жағдайда майлыштың ғылыми аныздық дақыл ретінде өсірудің ерекшелігі» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек. Жұмыс жоғары әдістемелік деңгейде орындалған. Алынған ғылыми нәтижелердің тәжірибелік маңызы зор.</p> <p>Ресми рецензенттің шешімі: Диссертациялық жұмысқа жоғары баға беруге болады, ал оның авторы 8L08101 «Агрономия» мамандығы бойынша философия (PhD) докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.</p>

#### Ресми рецензент:

«Ж.Жилембаев атындағы Қазақ өсімдік корғау және карантин ғылыми – зерттеу институты» ЖШС «пестицидтерді тіркеу» белгілімінің жетекші ғылыми қызметкері, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор

С.С. Арыстангулов

С.С. Арыстангуловтың қолын растаймын,  
«Ж. Жилембаев атындағы Қазақ өсімдік корғау және карантин ғылыми – зерттеу институты» ЖШС-нің ғылыми хатшысы, а.ш.-ғ.к.



Г.Б. Сарсенбаева